

## Қамқоршылық кеңесі жиналысы

### №3 хаттама

2022 жылғы 07.12.

Қамқоршылық кеңесіне қатысқандар:

1. Д.Т.Хамзина
2. Г.К.Абдрахманова
3. Р.Ханатбай
4. Т.Жапар
5. Л.Б.Түйебаева
6. Л.К.Ерназарова
7. С.К.Мирашова
8. С.С.Мадыканова
9. К.Ш.Букербаева

### Күн тәртібінде:

1. «Мектепке жол» акциясы кезінде жалпыға міндетті оқу қорынан әлеуметтік қорғалмаған топтардан шыққан оқушыларға көмек көрсету туралы есеп.

2. Жаңа жылдық іс-шараға қойылатын талаптар және қысқы каникул кезіндегі оқушылардың бос уақытын қамту.

3. Мектеп оқушыларының 3 тоқсанға дайындығы туралы.

### Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша әлеуметтік педагогы Н.Барлыбай тыңдалды, ол Қамқоршылық кеңес мүшелерінің алдында 2022 жыл бойы жаппай оқыту қорынан әлеуметтік қорғалмаған топтардың оқушыларына көмек көрсету туралы есеп берді.

Жаппай оқыту қорынан аз қамтылған отбасыларынан шыққан құжат тапсырған 54 оқушыға материалдық көмек көрсетілгенін айтып өтті.

Сынып жетекшілері аз қамтылған, әлеуметтік қорғалмаған отбасылардан шыққан балаларды үнемі анықтап отыру қажет деп аяқтады сөзін.

### Шешім:

Мектептің әлеуметтік педагогы Н.Барлыбайдың есебі назарға алынсын.



Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э.О.Біржікен сөз алды. Биыл жаңа жылдық шырша мерекесін өткізу барысында қауіпсіздік шаралары кеңінен қолданылсын.

Сонымен қатар маңызды сұрақтардың бірі- оқушылардың қысқы каникул кезіндегі қауіпсіздігі. Оқушылардың қысқы каникул кезінде қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді. Аталған жоспарға сай оқушылардың қысқы каникул кезіндегі бос уақытын қамту бойынша бірнеше онлайн іс-шаралар ұсынылады. Аталған іс-шараларды ұйымдастырып оқушыларымыздың қысқы каникул кезінде бос уақытын тиімді өткізуге ат салысайық. Мектебіміздің әлеуметтік желісінде қысқы каникул кезіндегі қауіпсіздік шаралары да жарияланған. Аталған бейнеролик ата-аналар және оқушылардың назарына ұсынылды.

### **Шешім:**

Мектеп оқушыларының қысқы каникул кезіндегі қауіпсіздігі назарға алынсын.

Үшінші мәселе бойынша, директордың оқу-тәрбие ісінің орынбасары З.И.Абдыкалыкова сөз алды. 2022-2023 оқу жылының 3 тоқсанына оқушылардың және жалпы мектептің дайындығы туралы айтып өтті. Оқушылар 2 тоқсанды аяқтап қалды, білім сапасына аса көңіл бөлу қажет. Баршаңызды жұмыс іс атқаруға шақырамын.

### **Шешім:**

2022-2023 оқу жылының 3 тоқсанына дайындығы басты назарға алынсын.


### **Шешімі:**

Бірінші мәселе бойынша аз қамтылған оқушылармен жұмыстары жалғастырылсын.

Екінші мәселе бойынша қысқы демалыс кезіндегі бос уақытын тиімді өткізу үшін ұсынылған іс-шаралардың өтуі жайлы ақпарат әлеуметтік желіде жариялансын.


Үшінші мәселе бойынша 2022-2023 оқу жылының 3 тоқсанына дайындық басты назарға алынсын.

Жиын төрағасы:



Д.Т.Хамзина

Хатшы:



Э.Біржікен



